

### *Андапна*

«АлЭС» АҚ-ның қаржылық мүмкіндіктерін ескере отырып, «АлЭС» АҚ-ның Алматы қаласының экологиясына теріс әсерін төмендетуге бағытталған техникалық және режимдік шешімдерді зерттеу негізінде, ЖЭО-2 жұмысын таза жылу режиміне көшіру ұсынылады. Бұл ретте электрмен жабдықтаудың сенімділігі «АлЭС» АҚ энергия көздері мен Екібастұз МАЭС-терінен келетін электр энергиясымен қамтамасыз етілетін болады. Ұсынылған жұмыс режимі, айтарлықтай күрделі шығындарды талап етпейді, оған қоса Алматы қаласының экологиялық жүктемесін төмендетуге, ЖЭО-2 жұмысының тиімділігінің өсуіне және жабдық жұмысының ресурсын арттыруға мүмкіндік береді.